

"Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 93 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 16 сәуірде № 20403 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2025 жылғы 30 маусымдағы № 298-НҚ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 30.06.2025 № 298-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Заңының 18-бабының 2-тармағының 2-3) тармақшасына және "Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 286 Жарлығының 1-тармағының 4)-тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15997 тіркелген, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 21 қарашада жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Архив ісі және құжаттама департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық қолданысқа енгізілгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы тармақпен көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі

А. Раимкулова

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі
2020 жылғы 15 сәуірдегі
№ 93 бұйрығымен
бекітілген
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт
министрінің міндетін
атқарушының
2017 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 263 бұйрығымен
бекітілген

Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі

Тармақ нөмірі	Құжат түрі (оның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжаттар)	Құжаттың сақталу мерзімі	Ескерту
1	2	3	4
1. Басқару жүйесін ұйымдастыру 1.1. Норма шығармашылық және басқару қызметі			
1	Заңнамалық актілер (Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заңдар, конституциялық заңдар, кодекстер, шоғырландырылған заңдар, заңдар, Қазақстан Республикасы Парламентінің	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен

	қаулылары, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің қаулылары)		бірдей электрондық құжаттар
2	Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер (Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулылары, Қазақстан Республикасы министрлерінің және өзге де орталық мемлекеттік органдар басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары, орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары, мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары, әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері мен тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулылары):	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар

	1) қабылдау орны бойынша;		
	2) мемлекеттік тіркеу орны бойынша	5 жыл	Электрондық құжаттар*
3	Заңнамалық және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобалары (түсіндірме жазбалар, анықтама-негіздемелер, келісу парақтары және басқа құжаттар): 1) әзірленген орны бойынша;	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
	2) келісу жері бойынша;	3 жыл	Электрондық құжаттар*
	3) қабылданған орны бойынша	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
4	Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау жоспарлары (перспективалық, ағымдағы): 1) бекітілген орны бойынша;	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
	2) әзірленген және қабылданған орны бойынша	3 жыл	Электрондық құжаттар*
5	Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдері	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
6	Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары Төрағаларының және олардың орынбасарларының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының тапсырмалары және оларды орындау жөніндегі құжаттар (хаттар, анықтамалар, қорытындылар және басқа құжаттар):	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Тапсырмада көрсетілген барлық мемлекеттік органдар (ұйымдар) тапсырманы орындау үшін жауапты болып табылатын жағдайларда, олар Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне тапсырманы орындау жөніндегі құжаттарды қағаз жеткізгіште және

	1) тапсырманы орындау үшін жауапты мемлекеттік органда (ұйымда);		олармен бірдей электрондық құжаттар түрінде ұсынады
	2) бірлесіп орындаушы мемлекеттік органда (ұйымда)	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
7	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарларының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасарларының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесі Басшысының және оның орынбасарларының тапсырмалары және оларды орындау жөніндегі құжаттар (хаттар, анықтамалар, қорытындылар және басқа құжаттар)	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
8	Мемлекеттік органдар басшыларының тапсырмалары және оларды орындау жөніндегі құжаттар (хаттар, жазбахаттар және басқа құжаттар)	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
9	Ұйым басшылығының құрылымдық бөлімшелерге тапсырмалары және оларды орындау жөніндегі құжаттар (хаттар, жазбахаттар, қорытындылар және басқа құжаттар)	5 жыл	Электрондық құжаттар*
10	Мемлекеттік органдарға енгізілген бастамалық ұсыныстар және оларды әзірлеу жөніндегі құжаттар (хаттар, қорытындылар, анықтамалар және басқа құжаттар)	5 жыл СТК	Электрондық құжаттар*

11	Арнайы экономикалық аймақтар құру туралы құжаттар (өтінімдер, келісімдер, негіздемелер, хат алмасу және басқа құжаттар)	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
12	Ұйым басшысының нормативтік емес құқықтық актілері (бұйрықтары мен өкімдері): 1) негізгі (өндірістік) қызмет бойынша;	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
	2) жеке құрам бойынша (жұмысқа қабылдау (тағайындау, оқуға қабылдау), жұмыстан босату (шығару), ауысу, аттестаттау, білім алу, біліктілікті арттыру, атақтар (шендер) беру, демалыстар, іссапарлар, тегінің (әкесінің атын) өзгергені, көтермелеу, марапаттау, еңбекақы төлеу, сыйақы беру, төлемдер, жәрдемақылар, тәртіптік жазалар колдану мен алу туралы)	75 жыл СТК	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
13	Ұйым басшысының нормативтік емес құқықтық актілерінің (бұйрықтары мен өкімдері) жобалары	1 жыл	Электрондық құжаттар*
14	Ұйым басшысының нормативтік емес құқықтық актілеріне негіздер (бұйрықтар мен өкімдер) және олардың құжаттары (анықтамалар, өтініштер, жазбахаттар және басқа құжаттар)	1 жыл	Электрондық құжаттар*. Жеке құрам бойынша нормативтік емес құқықтық актілерге өтініштер – қағаз жеткізгіште
15	Ұйым басшысының нормативтік емес құқықтық актілерін (бұйрықтары мен өкімдері) орындау туралы құжаттар (анықтамалар, есептер, жазбахаттар және басқа құжаттар)	3 жыл	Электрондық құжаттар*
	Мыналардың хаттамалары, шешімдері,		

ұсыныстары, қорытындылары, стенограммалары (аудиовизуалды жазбалар) және оларға қатысты құжаттар (анықтамалар, қорытындылар, баяндамалар және басқа құжаттар): 1) Қазақстан Республикасы Президентімен, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшылығымен шақырылатын отырыстардың, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің, Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесінің, Қазақстан халқы Ассамблеясының отырыстарының;	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
2) Қазақстан Республикасы Парламенті және оның палаталарының, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының тұрақты комитеттері мен комиссияларының, Қазақстан Республикасы Парламенті мен оның палаталары жанындағы консультативтік-кеңесші органдар отырыстарының ;	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің , Қазақстан		

Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орғандары отырыстарының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және оның орынбасарларының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесі Басшысының кеңестерінің;	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
4) Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссиялары отырыстарының;	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
5) қоғамдық кеңестердің, тұрақты комиссиялардың , алқалардың, орталық мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың өзгеге консультативтік-кеңесші орғандары отырыстарының;	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
6) мәслихат сессиялары мен оның органдарының, мәслихаттың тұрақты және уақытша комиссиялары отырыстарының;	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
7) республикалық бюджеттік комиссияның, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік комиссиялары отырыстарының;	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
8) акционерлердің жалпы жиналыстарының, акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің, шаруашылық	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен

	серіктестіктер құрылтайшыларының (қатысушыларының));		бірдей электрондық құжаттар
	9) ұйымның комиссиялары, кеңестері, алқалық, атқарушы және консультативтік-кеңесші органдарының;	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
	10) ұйымның жұмыс топтарының, уақытша комиссияларының;	5 жыл	Электрондық құжаттар*
	11) ұйым жұмыскерлерінің жалпы жиналыстарының (конференцияларының);	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
	12) жария тыңдаулардың;	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
	13) азаматтардың жиналыстарының (жиындарының);	5 жыл СТК	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
	14) ұйым басшысындағы аппараттық (жедел) кеңестердің;	5 жыл	Электрондық құжаттар*
	15) ұйымның құрылымдық бөлімшелері жұмыскерлерінің кеңестерінің	3 жыл	Электрондық құжаттар*
17	Халықаралық, республикалық, салалық съездер, симпозиумдар, конгрестер, конференциялар, кеңестер, семинарлар, конкурстар, мерейтойлық, салтанатты және басқа да іс-шараларды жүргізу бойынша құжаттар (қаулылар, шешімдер, хаттамалар және басқа құжаттар)	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
18	Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар (стандарттар, қағидалар, ұсынымдар және басқа құжаттар)	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар

19	Ұсынымдар (оның ішінде әдістемелік), нұсқаулар, жадынамалар	5 жыл	Электрондық құжаттар*
20	Ұсыныстар (оның ішінде әдістемелік), қағидалар, нұсқаулықтар, нұсқаулар, жадынамалар және оларды әзірлеу жөніндегі құжаттардың жобалары (қорытындылар, ұсыныстар, анықтамалар және басқа құжаттар)	1 жыл	Электрондық құжаттар*
21	Қазақстан Республикасы Президентімен, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары Төрағалары және олардың орынбасарларымен, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрімен, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысымен, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысымен хат алмасу	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжат және онымен бірдей электрондық құжат
22	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрімен, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарларымен, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасарларымен, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесі Басшысымен және оның орынбасарларымен хат алмасу	Тұрақты	Электрондық құжат*
23	Жоғары тұрған мемлекеттік органдармен, жоғары тұрған ұйымдармен қызметтің негізгі бағыттары бойынша хат алмасу	5 жыл СТК	Электрондық құжат*
24	Ведомствоға қарасты (бағынысты) ұйымдармен, аумақтық органдармен және басқа да ұйымдармен қызметтің		Электрондық құжат*

	негізгі бағыттары бойынша хат алмасу	5 жыл СТК	
25	Ұйымның негізгі қызметі бойынша құжаттар (анықтамалар, мағлұматтар, мәліметтер, жазба хаттар және басқа құжаттар)	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
26	Ұйымның қызметін ұйымдастыру мәселелері бойынша құжаттар (анықтамалар, мәліметтер және басқа құжаттар)	5 жыл	Электрондық құжаттар*
1.2. Бақылау			
27	Тексерулер жүргізу кестелері	5 жыл	Электрондық құжаттар*. Тексерулер жүргізудің жартыжылдық жиынтық кестесі – тұрақты
28	Мемлекеттік бақылау және қадағалауды өткізу және нәтижелері, анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар туралы құжаттар (актілер, келіспеулер, хат алмасу және басқа құжаттар)	5 жыл СТК	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
29	Келушілер мен тексерулерді, ревизияларды, зерттеулерді, олардың шешімдерін, айқындамаларын, ұйғарымдарын, актілерін, қорытындыларын есепке алу (тіркеу) журналдары, кітаптары	5 жыл	Электрондық құжаттар*
30	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің, жергілікті өкілді органдар депутаттарының сұрау салулары және оларды қарау жөніндегі құжаттар (анықтамалар, қорытындылар, хат алмасу және басқа құжаттар)	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
	Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері		

31	мен сауалдары, оларды қарау жөніндегі құжаттар (анықтамалар, мәліметтер, хат алмасу және басқа құжаттар)	5 жыл СТК	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
32	Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы құжаттар (есептер, анықтамалар, хат алмасу және басқа құжаттар)	5 жыл	Электрондық құжаттар*
33	Жеке тұлғаларды, заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды есепке алу, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тіркеу және орындалуын бақылау кітаптары, журналдары, карточкалары (деректер қоры)	5 жыл	Электрондық құжаттар*
34	Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестелері	Ж а ң а с ы н а ауыстырылғанға дейін	Электрондық құжаттар*
35	Әдеп жөніндегі уәкілдің құжаттары (жазба хаттары, анықтамалар, ұсынымдар және басқа құжаттар)	5 жыл СТК	Электрондық құжаттар*
1.3. Аудит және қаржылық бақылау			
36	Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен мемлекеттік аудитті өткізуі, нәтижелері және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар туралы құжаттар (жоспарлар, бағдарламалар, аудиторлық есеп немесе қаржы есептілігі бойынша аудиторлық есеп (аудиторлық қорытындылар), ұсынымдар, хабарламалар, қарсылықтар, хат алмасу және басқа құжаттар)	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Ұйымның ішкі тексерістері үшін – 5 жыл СТК

37	Қаржылық, бухгалтерлік есептілігі міндетті аудитке жататын ұйымдар қызметінің критерийлері (көрсеткіштер жүйесі)	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
38	Аудит өткізу стандарттары, әдістемелері	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
39	Аудиторлық қызмет көрсету шарттары	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Шарттың қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін
1.4. Басқарудың ұйымдастырушылық негіздері			
40	Ұйым қызметінің негізгі бағыттары бойынша тізбелер (деректер қоры, тізілімдер, жинақтар, каталогтар, кадастрлар және басқалары)	Тұрақты	Электрондық құжаттар*. Тізбені жүргізу функциясын атқаратын ұйымда сақталады
41	Заңды тұлғаларды мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу), құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу туралы құжаттар (ұйымды құру туралы шешім, мемлекеттік (есептік) тіркеу туралы өтініш (хабарлама), құрылтай және құқық белгілеу құжаттары, заңды тұлғаларды, оның филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат, хаттамалар және басқа құжаттар)	15 жыл СТК	Электрондық құжаттар*. Қызметі тоқтатылғаннан кейін. Тіркеуші органда – тұрақты
	Заңды тұлғаларды тіркеу есебінен шығару туралы құжаттар (тіркеу есебінен шығару туралы өтініш, шешім, заңды		

42	тұлғалардың таратылуы, кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі мен мерзімдері туралы ақпараттың Әділет министрлігінің ресми баспасөз басылымдарында жарияланғанын растайтын құжат, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда, заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат және басқа құжаттар)	15 жыл СТК	Электрондық құжаттар*. Тіркеу есебінен алынғаннан кейін. Тіркеуші органда – тұрақты
43	Салық органында тіркеу есебіне қою, тіркелу және есептен шығару туралы құжаттар (өтініштер, хабарламалар, мәліметтер және басқа құжаттар)	5 жыл	Электрондық құжаттар*. Тіркеу есебінен алынғаннан кейін
44	Мүлікке меншік құқығын, мүлікті иелену, пайдалану құқығын беретін фирмалық атауларды, тауар белгілерін (қызмет көрсету белгілерін, эмблемаларды, логотиптерді) тіркеу (қайта тіркеу) куәліктері (актілері)	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
45	Заңды және жеке тұлғалардың меншік құқығын, мүлікті иелену, пайдалану құқығын белгілеу мәселелері бойынша хат алмасу	5 жыл СТК	Электрондық құжат*
46	Меншік құқығына, мүлікті иелену, пайдалану құқығын сертификаттар (актілер) беру құжаттары (өтінімдер, қорытындылар, шешімдер және басқа құжаттар)	Тұрақты	Электрондық құжат*

47	Әкімшілік-аумақтық бірліктер шекараларын бекіту жөніндегі құжаттар (шекараның сипаттамалары, сұлбалар, анықтамалар, хат алмасу және басқа құжаттар)	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
48	Елді мекендердің тізбесі	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжат және онымен бірдей электрондық құжат
49	Жаңа салынатын объектілерге берілетін мекен-жайлар туралы құжаттар (шешімдер, анықтамалар, мәліметтер және басқа құжаттар)	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
50	Заңды тұлғалар (филиалдар, өкілдіктер) туралы жарғылар, құрылтай шарттар, ережелер	15 жыл СТК	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Ұйымда таратылғанға дейін сақталады. Тіркеуші органда – тұрақты
51	Ұйымның ережелері, нұсқаулықтары, қағидалары (оның ішінде еңбек тәртібінің қағидалары)	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
52	Ұйымның алқа, консультативтік-кеңесші органдары туралы ережелер (сараптамалық, ғылыми, әдістемелік және басқалары)	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
53	Жарғылардың, ережелердің, құрылтай шарттардың жобалары және оларды әзірлеу жөніндегі құжаттар (қорытындылар, ұсыныстар, анықтамалар және басқа құжаттар)	3 жыл	Электрондық құжаттар*
54	Ұйымның мүддесін білдіру мақсатында ұйым басшысымен берілген сенімхаттар	3 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін

55	Жергілікті мемлекеттік басқарудың базалық құрылымы	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжат және онымен бірдей электрондық құжат
56	Мемлекеттік мекемелердің, аумақтық органдар мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың тізбелері	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
57	Басқару жүйесін жетілдіру туралы құжаттар (жоспарлар, негіздемелер, есептеулер мен басқа құжаттар)	5 жыл СТК	Электрондық құжаттар*
58	Ұйымның штат кестелері және оларға өзгерістер	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
59	Штаттық кестелердің жобалары, оларды әзірлеу мен оларға өзгерістер енгізу жөніндегі құжаттар (ұсыныстар, қорытындылар, есептеулер және басқа құжаттар)	5 жыл	Электрондық құжаттар*
60	Штаттық орналастыру (жұмыскерлердің штаттық-тізімдік құрамы)	75 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
61	Ұйымның қызметкерлерін іссапарға жіберу туралы құжаттар (бағдарламалар, тапсырмалар, есептер және басқа құжаттар)	3 жыл	Электрондық құжаттар*
62	Жұмыскерлер лауазымдарының номенклатурасы	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжат және онымен бірдей электрондық құжат. Ж а н а м е н ауыстырылғаннан кейін
63	Лауазымдар лимитінің есептеулері	5 жыл СТК	Электрондық құжаттар*
64	Заңды тұлғалардың алқалық, атқарушы және	5 жыл СТК	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар.

	басқа да органдарының мүшелерімен жасалған шарттар		Шарттың қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін
65	Заңды тұлғаның басшысы және лауазымды, жауапты және материалды жауапты тұлғалар ауысқанда жасалатын қабылдау-тапсыру актілері, олардың қосымшалары	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Лауазымды, жауапты және материалды жауапты тұлға ауысқаннан кейін
66	Құрылымдық бөлімшелердің заңды тұлғаның басшылығына ұсынатын құжаттары (баяндамалар, мағлұматтар, жазбахаттар және басқа құжаттар)	5 жыл СТК	Электрондық құжаттар*
67	Ұйымның әкімшілік-ұйымдастырушылық қызметі туралы құжаттар (анықтамалар, жазбахаттар, проспектер және басқа құжаттар)	3 жыл	Электрондық құжаттар*
68	Ұйымның және оның бөлімшелерінің тарихы бойынша құжаттар (анықтамалар, шолулар және басқа құжаттар)	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
69	Лицензиялау бойынша құжаттар (өтініштер, хабарламалар, шешімдер және басқа құжаттар)	5 жыл СТК	Электрондық құжаттар*. Қызметтің жекелеген салалары бойынша құжаттар түрлері Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады. Лицензияның күші тоқтағаннан кейін
70	Қызмет түрлері бойынша лицензиялар және олардың дубликаттары	5 жыл	Электрондық құжаттар*. Лицензияның күші тоқтағаннан кейін
71	Деректер қорлары, тізбелер, тізілімдер, лицензияларды, рұқсаттарды, хабарламаларды тіркеу журналдары	Тұрақты	Электрондық құжаттар*. Деректер, тізбелер, тізілімдер базасын жүргізу функциясын орындайтын ұйымда сақталады
72	Мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары	Тұрақты	Электрондық құжаттар*

73	Мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингі бойынша құжаттар (анықтамалар, қорытындылар, шолулар және басқа құжаттар)	5 жыл	Электрондық құжаттар*
74	Аккредиттеу туралы құжаттар (өтініштер, хаттамалар, хат алмасу және басқа құжаттар)	5 жыл СТК	Электрондық құжаттар*. Аккредиттеу, аттестаттау тоқтатылғаннан кейін. Хаттамалар, шешімдер – тұрақты
75	Ұйымдардың аттестатталуын жүзеге асыратын заңды тұлғаны аккредиттеу туралы ережелер	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
76	Аккредиттеуден өту туралы құжаттардың берілуін тіркеу журналдары, кітаптары	5 жыл	Электрондық құжаттар*
77	Аттестаттаудан өту туралы құжаттардың берілуін тіркеу журналдары, кітаптары	5 жыл	Электрондық құжаттар*
78	Сертификаттау бойынша құжаттар (сәйкестік туралы декларация, хабарламалар, қорытынды-лар, хат алмасу және басқа құжаттар)	5 жыл СТК	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар Сертификаттың қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін
79	Сәйкестік сертификаттары	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Сертификаттың қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін
80	Сәйкестікті ерікті растау шарттары	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Шарттың қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін
81	Сәйкестік сертификаттарын беру тізілімі	5 жыл	Электрондық құжат*
	Қоғамдардың акцияларын		

82	ұстаушылардың тізілімі, тізілімнен үзінді көшірмелер	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
83	Құнды қағаздарды иеленушілердің тізбелері	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
84	Аффилирленген тұлғалардың тізбелері	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
85	Дивиденд алуға құқығы бар тұлғалардың тізімдері, акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар тұлғалардың тізімдері	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
86	Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға сенімхаттар (5 жыл сенімхаттардың көшірмелері)	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Қатысқаннан кейін
87	Акцияларды (акциялар пакеттерін) қабылдау-тапсыру туралы құжаттар (сертификаттар, актілер, анықтамалар және басқа құжаттар)	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
88	Акционерлік қоғамның акцияларын, сондай-ақ акционерлік қоғамның акцияларына айырбасталатын өзге де эмиссиялық құнды қағаздарды, қоса берілген құжаттарымен сатып алу туралы міндетті ұсыныс құжаттарымен	5 жыл СТК	Қағаз жеткізгіштегі құжат және онымен бірдей электрондық құжат. Акциялармен және мемлекет меншігіндегі өзге де құнды қағаздармен операциялар бойынша – мемлекеттік мүлікті сату жөніндегі кешенді істердің құрамында тұрақты
89	Бағалы қағаздарға қатысты құжаттары қоса берілген бәсекелестік ұсыныс	5 жыл СТК	Қағаз жеткізгіштегі құжат және онымен бірдей электрондық құжат. Акциялармен және мемлекет меншігіндегі өзге де құнды қағаздармен операциялар бойынша – мемлекеттік мүлікті сату жөніндегі кешенді істердің құрамында – тұрақты
			Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен

90	Бағалы қағаздарды сатып алуды талап ету құқығы туралы құжаттар (өтініштер, хабарламалар, негіздемелер және басқа құжаттар)	5 жыл СТК	бірдей электрондық құжаттар. Акциялармен және мемлекет меншігіндегі өзге де құнды қағаздармен операциялар бойынша – тұрақты, мемлекеттік мүлікті сату жөніндегі кешенді істердің құрамында
91	Акциялармен және басқа бағалы қағаздармен операциялар бойынша құжаттар (есептеулер, негіздемелер, мәліметтер және басқа құжаттар)	5 жыл СТК	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Мемлекет меншігіндегілер – тұрақты, мемлекеттік мүлікті сату жөніндегі кешенді істердің құрамында
92	Акцияларды және басқа бағалы қағаздарды сату-сатып алу туралы шарттар	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
93	Акциялар пакеттерін және басқа бағалы қағаздардың табысталуын растайтын табыстау өкімдері	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
94	Акциялармен және басқа бағалы қағаздармен операцияларды есепке алу журналдары, кітаптары, акционерлердің тізбелерінен үзінді көшірме беруді есепке алу	5 жыл	Электрондық құжаттар*
95	Үлестік меншік туралы ережелер	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
96	Эмитенттің есептері: 1) қаржылық (есептік) жылдың 1-тоқсаны үшін;	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
	2) қаржылық (есептік) жылдың 2-4 тоқсандары үшін;	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар.

			1-тоқсан үшін есептер болмаған жағдайда – тұрақты
97	Акционерлендіру бойынша құжаттар (қол қою парақтары, өтінімдер , мәліметтер және басқа құжаттар)	5 жыл СТК	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
98	Құнды қағаздарды шығару (қосымша шығару) туралы шешімдер, құнды қағаздардың проспектілері (эмиссияның проспектілері), құнды қағаздарды шығару (қосымша шығару) туралы шешімдерге өзгерістер және/немесе қосымшалар, бағалы қағаздарды шығарудың (қосымша шығарудың) қорытындысы туралы есептер	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
99	Бағалы қағаздар нарығында ашылуға тиіс ақпараттары бар хабарлар	3 жыл	Электрондық құжаттар*. Дау-дамай, келіспеушілік , қылмыстық және сот істерін қарау туындаған жағдайда – соңғы түпкілікті шешім шығарылғанға дейін сақталады
100	Бағалы қағаз нарығының кәсіпқой қатысушыларының ұйым туралы мәліметтерге өзгертулер енгізу туралы және ұйым жауапкер болған сот отырыстарына қатысуы туралы есептері: 1) жасалған орны бойынша;	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
	2) ұсынылған орны бойынша	3 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
			Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар.

101	Банкроттық туралы істер бойынша құжаттар (өтініштер, негіздемелер, қорытындылар және басқа құжаттар)	Тұрақты	Құжаттар түрлерінің толық құрамы Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады. Жұмыс аяқталған соң құжаттар тарату комиссиясымен тиісті мемлекеттік архивке таратылған ұйымның архивтік қорына беріледі.
102	Қайта қалпына келтіру істері бойынша құжаттар (өтініштер, негіздемелер, қорытындылар және басқа құжаттар)	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Құжаттар түрлерінің толық құрамы Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.
103	Борышкер-ұйымның активтерін, мүлкін сату туралы құжаттар (өкімдер, сату-сатып алу шарттары, тәуелсіз бағалаушылардың есеп берулері және басқа құжаттар)	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Жылжымалы мүлік (жиһаз, автокөлік, ұйымдастыру техникасы және басқа мүліктер) – 5 жыл СТК
104	Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік мәселелері бойынша құжаттар (хат алмасу, шарттар және басқа құжаттар)	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
1.5. Ұйымның қызметін құқықтық қамтамасыз ету және азаматтық, қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша іс жүргізу			
105	Заңнама нормаларының сақталуы, қақтығыстар, дау-дамайлар, басқа құқықтық сипаттағы мәселелер туралы құжаттар (қаулылар, ұйғарымдар, актілер, шешімдер, хаттамалар, қорытындылар, сұрау салулар, өтініштер, хат алмасу және басқа құжаттар)	5 жыл СТК	Электрондық құжаттар*
	Құқық қорғау органдарына, соттарға берілетін құжаттар (өтініштер, талап арыздар,		Электрондық құжаттар*

106	сенімхаттар, актілер, қолдау хаттар, хаттамалар және басқа құжаттар)	5 жыл	Түпкілікті шешім шығарылғаннан кейін
107	Азаматтық, қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша сот актілері	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
108	Құқық қорғау органдарының актілері (іс жүргізу шешімдері, қарсылықтары, қолдау хаттары, санкциялары және басқа құжаттар)	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
109	Құқық қорғау органдарымен, соттармен құқықтық қамтамасыз ету мәселелері жөнінде хат алмасу	5 жыл	Электрондық құжаттар*
110	Заңгерлік қызметтер көрсету туралы шарттар, келісімдер	5 жыл СТК	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Шарттың, келісімнің қолдану мерзімі өткеннен кейін
111	Құқықтық актілердің жобаларына құқықтық сараптама жүргізу жөніндегі (қорытындылар, анықтамалар, хат алмасу және басқа құжаттар)	5 жыл СТК	Электрондық құжаттар*
112	Әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша құжаттар (хаттамалар, актілер, ұйғарымдар және басқа құжаттар)	5 жыл	Электрондық құжаттар*
113	Ұйымда құқықтық оқыту жүргізу бойынша құжаттар (бағдарламалар, жазба хаттар, және басқа құжаттар)	3 жыл	Электрондық құжаттар*
114	Құқықтық жұмысты ұйымдастыру және жай-күйі туралы құжаттар (шолулар, анықтамалар, хат алмасу және басқа құжаттар)	5 жыл СТК	Электрондық құжаттар*

115	Құқықтық мәселелер бойынша, оның ішінде заңнама нормаларын түсіндіру жөнінде хат алмасу	3 жыл	Электрондық құжат*
116	Сот істері бойынша құжаттар (өтініштер, сенімхаттар, актілер және басқа құжаттар)	5 жыл СТК	Электрондық құжаттар* Түпкілікті шешім шығарылғаннан кейін
117	Шағымдық және талапарыздық жұмыстар бойынша құжаттар (шғымдық хаттар, талапарыз өтініштер, хат алмасу және басқа құжаттар)	5 жыл СТК	Электрондық құжаттар* Түпкілікті шешім шығарылғаннан кейін
1.6. Құжаттамалық қамтамасыз ету және құжаттарды сақтауды ұйымдастыру			
118	Сақтау мерзімдері көрсетілген салалық құжаттар тізбесі	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
119	Үлгілік (тұрпаттық) істер номенклатурасы	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
120	Ұйымның істер номенклатурасы	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжат және онымен бірдей электрондық құжат. Құрылымдық бөлімшелердің істер номенклатурасы – жаңамен ауыстырылғанға дейін, бірақ істерді ұйымның ведомстволық (жеке) архивіне өткізгеннен немесе істер номенклатурасы бойынша есепке алынған істер жойылғаннан кейін 3 жылдан бұрын емес
121	Құжаттарды бақылаудан алу және олардың орындалу мерзімін ұзарту туралы құжаттар (жазба хаттар, анықтамалар, есептер және басқа құжаттар)	1 жыл	Электрондық құжаттар*. Бақылаудан алынғаннан кейін
122	Тұрақты корреспонденттер мекенжайларының тізімдері	Қажеттілігі өткенге дейін	Электрондық құжаттар*

123	Құжаттарды қайта жолдау қағидасының бұзылғаны туралы хат алмасу	1 жыл	Электрондық құжат*
124	Жоюға бөлу туралы актілер: 1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген баспа-бланкі өнімдерінің бүлінген, пайдаланылмаған даналарын;	3 жыл	Электрондық құжаттар*
	2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлерді және мөртабандарды;	3 жыл	Электрондық құжаттар*
	3) құжаттарды қорғау құралдарын	3 жыл	Электрондық құжаттар*
125	Ұйымда қол жетімділігі шектелген мәліметтерді (мемлекеттік құпияларды, коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпияны) қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары	5 жыл СТК	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
126	Құпия ақпаратты иеленушілерді есепке алу және қызмет көрсетуге қабылдау жөніндегі құжаттар (тізімдер, өтінімдер, қорытындылар және басқа құжаттар)	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Есептен шығарылғаннан кейін
127	Қол жетімділігі шектелген мәліметтерді (мемлекеттік құпияларды, коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпияны) жарияламау туралы міндеттеме қабылдаған тұлғалардың құжаттары (тізімдер, міндеттемелер, қолхаттар және басқа құжаттар)	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Жұмыскер жұмыстан шыққаннан кейін
	Басқаруды құжаттамалық қамтамасыз етуді жетілдіру, автоматтандырылған жүйелер мен бағдарламалық өнімдерді		

128	жобалау, әзірлеу, ендіру, пайдалану, сүйемелдеу, жетілдіру туралы құжаттар (актілер, анықтамалар, мағлұматтар, мәліметтер және басқа құжаттар)	5 жыл	Электрондық құжаттар*
129	Басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету және құжаттарды архивтік сақтау мәселелері бойынша хат алмасу	5 жыл	Электрондық құжат*
130	Құжаттарды жіберу тізілмдері (тізімдері)	1 жыл	Электрондық құжаттар*
131	Мыналарды тіркеу кітаптары, карточкалары, журналдары (автоматтандырылған ақпарат жүйесіндегі электрондық тіркеу-бақылау нысандары): 1) заңнамалық актілерді және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді;	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Ұйымда сақталады. Е г е р ғылыми-анықтамалық аппарат ретінде пайдалану мүмкіндігі болса, тұрақты мемлекеттік сақтауға қабылдануға жатады
	2) ұйым басшысының негізгі қызмет бойынша (өндірістік) нормативтік емес құқықтық актілерін (бұйрықтар мен өкімдерді);	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Ұйымда сақталады. Е г е р ғылыми-анықтамалық аппарат ретінде пайдалану мүмкіндігі болса, тұрақты мемлекеттік сақтауға қабылдануға жатады
	3) ұйым басшысының жеке құрам бойынша (жұмысқа қабылдау (тағайындау, оқуға қабылдау), жұмыстан босату (шығару), ауысу, аттестаттау, білім алу, біліктілікті арттыру, атақтар (шендер) беру, демалыстар, іссапарлар, тегінің (әкесінің атын) өзгергені, көтермелеу, марапаттау, еңбекақы төлеу, сыйақы беру,	75 жыл СТК	Электрондық құжаттар* Ұйымда сақталады. Е г е р ғылыми-анықтамалық аппарат ретінде пайдалану мүмкіндігі

	төлемдер, жәрдемақылар, тәртіптік жазалар колдану мен алу туралы) нормативтік емес құқықтық актілерін (бұйрықтар мен өкімдерді);		болса, тұрақты мемлекеттік сақтауға қабылдануға жатады
	4) кіріс, шығыс және ішкі құжаттарды;	5 жыл	Электрондық құжаттар*
	5) құжаттардың орындалуын;	3 жыл	Электрондық құжаттар*
	6) телеграммаларды, телефонхаттарды, факстерді, сөйлесулерге өтінімдерді;	3 жыл	Электрондық құжаттар*
	7) аудиовизуалды құжаттарды;	3 жыл	Электрондық құжаттар* Ұйымда сақталады. Егер ғылыми-анықтамалық аппарат ретінде пайдалану мүмкіндігі болса, тұрақты мемлекеттік сақтауға қабылдануға жатады
	8) құжаттарды ксерокөшімелеуге өтінімдерді, тапсырыстарды, нарядтарды	1 жыл	Электрондық құжаттар*
132	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген баспа-бланк өнімдерін, мөрлер мен мөртабандар жасауға өтінімдер	3 жыл	Электрондық құжаттар*
	Мыналарды есепке алу және беру журналдары, кітаптары: 1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген баспа-бланк өнімдерін;	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
133	2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлер мен мөртабандарды және арнайы мөрқалып бояуларын;	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар

	3) арнайы сиямен толтырылған ұшты автоқаламдарды және басқа да тауарларды;	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
	4) жекелеген парақтарды, сызбаларды, арнайы блокноттарды, фотонегативтерді, фотосуреттерді, магнитті таспаларды, кино- және бейне үлдірлерді, аудиокассеталарды	Қажеттілігі өткенге дейін	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
134	Техникалық құралдардың жай-күйі, техникалық құралдар мен бағдарламаларды орнату, техникалық құралдарды жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы құжаттар (актілер, анықтамалар, өтінімдер және басқа құжаттар)	5 жыл	Электрондық құжаттар*
135	Құжаттарды ұсыну, аса маңызды, өте құпия және құпия мәліметтерге рұқсат беру және қол жеткізуді ресімдеу және беру жөніндегі құжаттар (сауалнамалар, карточкалар, талаптар, жолдамалар, міндеттемелер және басқа құжаттар)	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Жұмыскер жұмыстан шыққаннан кейін
136	Ақпаратты қол жетімділік санаттарына жатқызу жөніндегі құжаттар, коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты сақтау және пайдалану шарттары (қағидалар, тізбелер, жазылымдар және басқа құжаттар)	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Мәліметтерге қатысты қол жетімділікке қойылған шектеу алынып тасталғаннан кейін
137	Ақпаратты қорғау жөніндегі нормативтік (өкімдік) және пайдалану-техникалық құжаттама (нұсқаулықтар, ережелер және басқа құжаттама)	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
			Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен

138	Режимдік үй-жайлардың тізбелері	Қажеттілігі өткенге дейін	бірдей электрондық құжаттар
139	Режимдік үй-жайларды және олардың құрал-жабдықтарын орналастыру мәселелері бойынша хат алмасу	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжат және онымен бірдей электрондық құжат
140	Мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтері бар құжаттарды есепке алу, сақтау және олармен жұмыс жасау және құпиялылық режимін қамтамасыз ету мәселелері бойынша хат алмасу	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжат және онымен бірдей электрондық құжат
141	Ақпараттық жүйелердің деректер базасын сүйемелдеу, дамыту бойынша құжаттар (жобалар, хаттамалар, анықтамалар, актілер, хат алмасу және басқа құжаттар)	5 жыл СТК	Электрондық құжаттар*
142	Ұйымдағы ақпаратты қорғаудың жай-күйі туралы құжаттар (актілер, қорытындылар, анықтамалар және басқа құжаттар)	10 жыл СТК	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
143	Конфиденциалды ақпараттың криптографиялық қорғалуын ұйымдастыру сұлбасы	Қажеттілігі өткенге дейін	Электрондық құжаттар*
144	Құпия ақпараты бар дербес компьютерлер парольдарының тізбелері	Жаңаларымен ауыстырылғанға дейін	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
145	Ақпараттың криптографиялық қорғау құралдарын және негізгі ақпараты бар машина тасымалдаушыларды жою туралы актілер	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
146	Ақпаратты резервтік көшірмелеу жөніндегі жұмыстар тізбелері	10 жыл СТК	Электрондық құжаттар*
	Есепке алу журналдары, кітаптары:		

147	1) электрондық ақпарат тасымалдағыштарды, ақпараттарды рұқсат етілмеген әрекеттерден сақтайтын бағдарламалық-техникалық құралдарды, құпия ақпаратпен жұмыс істеуге арналған қатты дискідегі жинақтаушыларды;	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
	2) ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын, пайдалану және техникалық құжаттарын және негізгі құжаттарды даналап есепке алу журналдары;	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
	3) істерді уақытша пайдалануға беруді;	3 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
	4) температура мен ылғалдықты өлшеу приборларының көрсеткіштерін тіркеуді;	1 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
	5) ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына кілттік тасымалдағыштарды беруді;	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Кілтті ауыстырғаннан кейін
	6) деректер базасын көшірмелеуді	Қажеттілігі өткенге дейін	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
148	Электрондық цифрлық қолтаңба кілттерінің сертификаттары	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
149	Электрондық цифрлық қолтаңбаларды құру және жою туралы құжаттар (өтініштер, сертификаттар, хабарламалар және басқа құжаттар)	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
150	Электрондық цифрлық қолтаңбаның сәйкестігін растайтын берілген тіркеу куәліктерін есепке алу журналдары (тізбелері, тізілімдері)	Тұрақты	Электрондық құжаттар*

151	Архивтік есепке алу құжаттары (архивтік қорлардың тізімдері, архивтік қорлардың парақтары, ұйымдардың ведомстволық (жеке меншікті) архивтерінің паспорттары, сақтауға келмейтін құжаттарды жоюға бөлу туралы, мемлекеттік сақтауға қабылдау-тапсыру актілері және басқа құжаттары)	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Құқықтық мұрагерлері жоқ ұйымдар таратылғанда жағдайда тұрақты мемлекеттік сақтауға тапсырылады
152	Істер тізімдемелері: 1) тұрақты сақталатын (бекітілген);	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
	2) жеке құрам бойынша;	3 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Істер жойылғаннан кейін
	3) уақытша сақталатын (10 жылға дейін);	3 жыл	Электрондық құжаттар*. Істер жойылғаннан кейін
	4) уақытша сақталатын (10 жылдан аса)	3 жыл	Электрондық құжаттар*. Істер жойылғаннан кейін
153	Топографиялық көрсеткіштер	Қажеттілігі өткенге дейін	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
154	Құжаттармен танысуға рұқсат беру туралы құжаттар (өтініштер, рұқсаттар, хат алмасу және басқа құжаттар)	3 жыл	Электрондық құжаттар*
155	Құжаттар мен істерді, тізімдемелерді уақытша пайдалануға беруді (құжаттар мен істерді алуды) есепке алу құжаттары (қаулылар, актілер, талаптар және басқа құжаттар)	3 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Құжаттар қайтарылғаннан кейін. Істерді өзге ұйымдарға уақытша пайдалануға беру актілері үшін – 5 жыл СТК
156	Архивтік анықтамаларды , архивтік құжаттардың көшірмелерін, архивтік құжаттардан үзінді көшірмелер беруді тіркеу		Электрондық құжаттар*

	кітаптары, журналдары, карточкалары, деректер базасы	5 жыл	
157	Жеке және заңды тұлғалардың сұрау салулары бойынша берілген архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелері, архивтік құжаттардан үзінді көшірмелер, олардың құжаттары (өтініштер, сұрау салулар, анықтамалар, хат алмасу)	5 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
158	Есепке алу кітаптары, журналдары: 1) құпия сипаттағы мәліметі бар құжаттардың даналарын (көшірмелерін);	3 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар. Шектеу грифі (белгісі) алынғаннан кейін
	2) құпия сипаттағы мәліметі бар электрондық тасымалдағыштарды	Қажеттілігі өткенге дейін	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
2. Болжау және жоспарлау			
2.1. Болжау			
159	Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары (Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы, Қазақстан Республикасының 10 жылға арналған стратегиялық даму жоспары, Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздігінің стратегиясы, Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, мемлекеттік бағдарламалар, үкіметтік бағдарламалар, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары, өңірлерді дамытудың	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен

	бағдарламалары, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және жарғылық капиталына мемлекет қатысатын ұлттық компаниялардың даму стратегиялары)		бірдей электрондық құжаттар
160	Қазақстан Республикасының Президентінің жолдаулары, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамудың мемлекеттік, салалық (секторлық), өңірлік бағдарламалары, стратегиялары, тұжырымдамалары	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
161	Қазақстан Республикасының Президенті жолдауларының жобалары	5 жыл	Электрондық құжаттар*
162	Әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамудың мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік бағдарламалардың, стратегиялардың, тұжырымдамалардың жобалары	5 жыл	Электрондық құжаттар*
163	Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауларын, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамудың мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік бағдарламаларын, стратегияларын, тұжырымдамаларын әзірлеу туралы хат алмасу	5 жыл СТК	Электрондық құжат*
	Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауларын (Жалпыұлттық ұлт жоспарын),		

164	әлеуметтік-экономикалы қ ж ә н е ғылыми-техникалық дамудың мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік бағдарламаларын, стратегияларын, тұжырымдамаларын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарлары	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
165	Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауларын, әлеуметтік-экономикалы қ ж ә н е ғылыми-техникалық дамудың мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік бағдарламаларын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарларының жобалары	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
166	Әлеуметтік-экономикалы қ ж ә н е ғылыми-техникалық дамудың мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік бағдарламаларын, стратегияларын, тұжырымдамаларын әзірлеу, түзету және орындау бойынша құжаттар (есептер, ақпарат, есептеулер және басқа құжаттар)	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
167	Қазақстан Республикасының, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әлеуметтік-экономикалы қ даму жоспарлары, ұлттық компаниялар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекеттің қатысуымен акционерлік қоғамдардың даму жоспарлары	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар

168	Қазақстан Республикасының, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларының жобалары, ұлттық компаниялардың, республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекеттің қатысуымен акционерлік қоғамдардың даму жоспарларының жобалары: 1) әзірленген орны бойынша;	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
	2) келісу орны бойынша	5 жыл	Электрондық құжаттар*
169	Қазақстан Республикасының, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық, операциялық жоспарларын, ұлттық компаниялардың, республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекеттің қатысуымен акционерлік қоғамдардың даму жоспарларын түзету және орындау бойынша құжаттар (баяндамалар, есептер, анықтамалар және басқа құжаттар)	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
170	Ұйымның қызметі мен дамуының болжамдары (перспективалық жоспарлар, бағдарламалар)	Тұрақты	Электрондық құжаттар*
	Саланың, ұйымның даму тұжырымдамалары, доктриналары:	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен

171	1) әзірлеу және бекіту орны бойынша;		бірдей электрондық құжаттар
	2) келісу орны бойынша	5 жыл	Электрондық құжаттар*
172	Ұйым дамуының перспективалық жоспарларының, тұжырымдамаларының жобалары, олардың құжаттары (баяндамалар, анықтамалар, мәліметтер, есептеулер және басқа құжаттар)	10 жыл СТК	Электрондық құжаттар*
173	Орталық мемлекеттік органның кезекті қаржы жылына меморандумы	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжат және онымен бірдей электрондық құжат
174	Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің лимиттері, жаңа бастамаларға лимиттер	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
